

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 111 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. 2006 жылғы 4 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы
КЕЛІСІМ**

(2007 жылғы 6 наурызда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы саяси, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық немесе өзге де ынтымақтастық барысында онымен алмасу жүзеге асырылатын, сондай-ақ осындай ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету ниетін негізге ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуде өз мемлекеттерінің мүдделерін, сондай-ақ 1993 жылғы 22 қаңтардағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық құпияларының сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді іске асырудағы өзара мүдделілікті ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Терминдердің айқындамасы

Осы Келісімде қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"құпия ақпарат" - Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қорғалатын, осы Келісімде белгіленген тәртіппен берілген, сондай-ақ Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған, оларды заңсыз тарату Қазақстан

Республикасы мен Өзбекстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен мүдделеріне залал келтіруі мүмкін кез келген нысанда келтірілген мәліметтер;

"құпия ақпаратты жеткізгіштер" - қорғалатын құпия ақпарат нышандар, бейнелер, дабылдар, техникалық шешімдер мен процестер түрінде өз көрінісін табатын материалдық объектілер, соның ішінде физикалық өрістер;

"құпиялылық белгісі" - құпия ақпаратты жеткізгішке қойылатын және/немесе оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін, оларды жеткізгіштегі мәліметтердің құпиялылық дәрежесі туралы куәландыратын деректемелер;

"құпия ақпаратқа рұқсат беру" - жеке адамдардың құпия ақпаратқа қол жеткізу, ал уәкілетті органдардың осындай ақпаратты пайдалана отырып, жұмыстар жүргізу құқығын ресімдеу рәсімі;

"құпия ақпаратқа қол жеткізу" - құпия ақпаратқа рұқсаты бар жеке адамды құпия ақпаратпен таныстыру процесі;

"шарт" - Тараптардың уәкілетті органдарының арасында жасалатын, құпия ақпараттың берілуін немесе пайда болуын көздейтін өнімді жеткізуге немесе бірлескен жұмыстар жүргізуге арналған шарт немесе келісім-шарт;

"уәкілетті орган" - Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты алуға, сақтауға, қорғауға және пайдалануға Тараптар уәкілеттік берген мемлекеттік орган немесе ұйым;

"үйлестіруші орган" - Тараптардың осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты мемлекеттік органдары.

2-бап

Құпия ақпарат

Мыналар құпия ақпарат болып табылады:

Қазақстан Республикасында:

жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатында таралуын мемлекет шектейтін мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын, мемлекет қорғайтын мәліметтер.

Құпия ақпаратты рұқсатсыз тарату салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне немесе ел экономикасының салаларына келтірілуі мүмкін залалға қарай көрсетілген құпия ақпаратты жеткізгіштер үшін оларға тиісті құпиялылық белгілері белгіленеді:

"аса маңызды" - олардың таралуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы

барлау және жедел іздестіру қызметі саласындағы мәліметтерге;

"өте құпия" - олардың таралуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттік органның мүдделеріне немесе мемлекет экономикасы саласына санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласындағы мәліметтерге;

"құпия" - жеке деректер сипатындағы, мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, олардың жария етілуі немесе жоғалуы әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне залал келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерге.

"Аса маңызды" және "өте құпия" деген белгілері бар құпия ақпарат мемлекеттік құпияға, "құпия" деген белгісі барлар қызметтік құпияға жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мемлекеттік құпияларға жатады.

Өзбекстан Республикасында:

жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатында таралуын мемлекет шектейтін мемлекеттік, қызметтік және әскери құпияны құрайтын, мемлекет қорғайтын мәліметтер.

Құпия ақпаратты рұқсатсыз тарату салдарынан Өзбекстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе ұлттық мүдделеріне келтірілуі мүмкін залалға қарай көрсетілген құпия ақпаратты жеткізгіштер үшін оларға тиісті құпиялылық белгілері белгіленеді:

"аса маңызды" - олардың таралуы Өзбекстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметінің саласына жататын мәліметтерге;

"өте құпия" - олардың таралуы Өзбекстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, Өзбекстан Республикасының мемлекеттік органының мүдделеріне немесе мемлекет экономикасы саласына санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласындағы мәліметтерге;

"құпия" - олардың таралуы Өзбекстан Республикасының мемлекеттік органының мүдделеріне немесе мемлекет экономикасы саласына санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін, әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласына жататын мәліметтерге.

Өзбекстан Республикасының заңнамасына сәйкес "аса маңызды", "өте құпия" және "құпия" белгілері бар құпия ақпарат мемлекеттік құпияларға жатады.

3-бап

Құпиялылық дәрежелерінің салыстырмалылығы

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес құпиялылық дәрежелері мынадай үлгіде салыстырылатындығын белгілейді:

Орыс тілінде	Қазақстан Республикасында	Өзбекстан Республикасында
"Особой важности"	"Аса маңызды"	"Ута мухим"
"Совершенно секретно"	"Өте құпия"	"О ' t a m u h i m "
"Секретно"	"O'ta mahfiy"	"Ута махфий"
	"Құпия"	"Махфий"
	"Mahfiy"	

2. Тараптар осы бапта көзделген құпиялылық белгілері олардың өндірісі, айналымы, экспорты мен импорты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес реттелетін заттарға, бұйымдарға, ғылыми-техникалық шешімдерге және өзге де құралдарға да таралады деп келісті.

4-бап

Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар

1 . Т а р а п т а р :

1) екінші Тарап берген немесе Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпаратты қорғауға;

2) берген Тарап қойған құпиялылық белгісін оның жазбаша келісімінсіз өзгертпеуге ;

3) құпия ақпаратпен жұмыс істеуде құпия ақпараттың осы Келісімнің 3-бабына сәйкес салыстырылатын өзінің құпия ақпаратына қатысты пайдаланылатын дәл сондай қорғау шараларын қолдануға ;

4) екінші Тараптың уәкілетті органынан алынған құпия ақпаратты тек оны беру кезінде көзделген мақсаттарда пайдалануға;

5) берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа құпия ақпаратқа қол жеткізуіне рұқсат бермеуге міндеттенеді.

2. Құпия ақпаратқа қол жеткізу осы ақпаратпен танысу оны беру кезінде көзделген мақсаттарда қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті адамдарға ғана рұқсат етіледі . Құпия ақпаратқа қол жеткізу тиісті рұқсаты бар адамдарға ғана беріледі.

3. Онда құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелер және оны қорғау

жөніндегі шаралар толығымен жазылатын құпия ақпаратты қорғау жөніндегі қосымша талаптар уәкілетті органдар жасайтын шарттарда көзделуі мүмкін.

5-бап

Құпия ақпаратты беру

1. Тараптардың бірінің үйлестіруші органы екінші Тараптың үйлестіруші органынан екінші Тараптың уәкілетті органында құпия ақпаратқа тиісті рұқсатының, сондай-ақ оны тиісінше қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті мүмкіндігінің бар-жоқтығын жазбаша растауды сұратады.

2. Нақты құпия ақпаратты беру туралы шешімді Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес әрбір жеке жағдайда Тараптар қабылдайды.

3. Бір мемлекеттен екіншісіне құпия ақпаратты беру дипломатиялық арналар бойынша, фельдъегерлік қызмет немесе әскери-курьерлік қызмет бойынша, сондай-ақ қолдануға рұқсат берілген, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, байланыс арналары бойынша Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Құпия ақпараттың ірі көлемді жеткізгіштерін беру үшін тиісті уәкілетті органдар осы Келісімге сәйкес әрбір жеке жағдайда тасымалдау тәсілдерін, бағытын және алып жүру нысанын белгілейді.

Тараптардың уәкілетті органдары осындай әр тасымалдау жағдайы туралы тиісті ақпаратпен алмасады.

6-бап

Құпия ақпаратпен жұмыс істеу

1. Берілген құпия ақпарат жеткізгіштеріне оны алуға жауапты уәкілетті орган осы Келісімнің 3-бабына сәйкес салыстырылатын құпиялылық белгілерін қосымша қояды.

Құпиялылық белгісін белгілеудің міндеттілігі Тараптардың ынтымақтастығы процесінде, аудару, көшіру немесе тираждау нәтижесінде пайда болған құпия ақпаратқа қолданылады.

Берілген құпия ақпарат негізінде пайда болған құпия ақпаратқа берілген құпия ақпараттың құпиялылық белгісінен кем болмайтын құпиялылық белгісі қойылады.

2. Тараптардың ынтымақтастығы процесінде қалыптасқан және немесе берілген құпия ақпарат өзінің құпия ақпаратына қатысты қолданылатын талаптарға сәйкес есепке алынады және сақталады.

3. Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі құпия ақпаратқа ие мемлекетінің ұлттық заңнамасымен айқындалған тәртіппен өзгертіледі немесе алып тасталады.

Құпия ақпараттың құпиялылық белгісін өзгерту немесе оны алып тастау туралы

оны берген Тараптың уәкілетті органы екінші Тараптың тиісті уәкілетті органына х а б а р л а й д ы .

Тараптардың бірінің уәкілетті органы осындай хабарламаны алғаннан кейін 30 күн ішінде екінші Тараптың уәкілетті органынан алған құпия ақпараттың жеткізгіштеріндегі құпиялылық белгісін өзгерту жөнінде шаралар қабылдауға м і н д е т т е н е д і .

Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі Тараптардың уәкілетті органдарының өзара келісімі бойынша анықталады, өзгертіледі немесе алынып тасталады.

4. Құпия ақпараттың жеткізгіштері оны берген Тараптың уәкілетті органының жазбаша хабарламасы бойынша қайтарылады немесе жойылады.

Құпия ақпаратты және оның жеткізгіштерін көбейту (тираждау) оны берген Тараптың уәкілетті органының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

Құпия ақпаратты жою құжатталады, ал жою процесі оның кейіннен қайта шығарылмауына кепілдік беруге тиіс.

Құпия ақпараттың жеткізгіштерін қайтару немесе жою туралы оларды берген Тараптың уәкілетті органына хабарланады.

7-бап

Шарттар

Уәкілетті органдар жасасатын шарттарға жеке бөлім қосылады, онда: қалыптасқан және берілетін құпия ақпараттың тізбесі және оның құпиялылық д ә р е ж е л е р і ;

қалыптасқан және берілетін құпия ақпаратты қорғау ерекшеліктері; даулы мәселелерді шешу және қалыптасқан және берілетін құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан болуы мүмкін залалды өтеу тәртібі айқындалады.

8-бап

Үйлестіруші органдар

1. Тараптардың үйлестіруші органдары мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің К е н с е с і ;

Өзбекстан Республикасында - Өзбекстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік қ ы з м е т і .

2. Ынтымақтастық сипатына байланысты Тараптар осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруге жауапты өзге де мемлекеттік органдарды тағайындауы мүмкін, бұл туралы бір-бірін хабардар етеді.

9-бап

Консультациялар

1. Тараптардың үйлестіруші органдары осы Келісімді орындау үшін қажетті құпия ақпаратты қорғау саласындағы өз мемлекеттерінің тиісті нормативтік құқықтық кесімдерімен алмасады және осы Келісімге қатысы бар және оған өзгерістер енгізуді талап ететін өз мемлекеттерінің заңнамасының өзгеруі туралы бір-бірін уақтылы х а б а р д а р е т е д і .

2. Осы Келісімді орындау кезінде ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың үйлестіруші органдары олардың бірінің өтініші бойынша бірлескен консультациялар өткізеді.

10-бап

Сапарлар

1. Бір Тараптың уәкілетті органдары өкілдерінің екінші Тараптың құпия ақпаратына олардың қол жеткізуін көздейтін сапарлары қабылдайтын Тарап мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Мұндай сапарларға рұқсат осы Келісімнің 4-бабының 2-тармағында көрсетілген адамдарға ғана беріледі.

2. Осындай сапарлардың мүмкіндігі туралы өтінішті жіберетін Тараптың үйлестіруші органы қабылдайтын Тараптың үйлестіруші органына болжалды сапарға дейін 30 күннен кешіктірмей жібереді.

Осындай сапарлардың мүмкіндігі туралы өтініш қабылдайтын Тарап мемлекетінде қабылданған рәсімге сәйкес жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

уәкілетті орган өкілінің тегі мен аты, туған күні мен жері, азаматтығы және п а с п о р т ы н ы ң н ө м і р і ;

уәкілетті орган өкілінің мамандығы мен лауазымы, ол жұмыс істейтін уәкілетті о р г а н н ы ң а т а у ы ;

тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа рұқсатының болуы;
сапарға барудың ұсынылып отырған күні және жоспарланып отырған ұзақтығы, оларда болу жоспарланып отырған уәкілетті органдардың атаулары, сапардың мақсаты және талқыланатын мәселелерге қатысты барлық пайдалы нұсқаулар, сондай-ақ танысу болжанатын құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі;

олармен кездесу болжанатын адамдардың лауазымдары, тектері мен аттары.

3. Бір Тарап мемлекеті уәкілетті органдарының осы Келісімнің шеңберінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген өкілдері қабылдайтын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

4. Бір Тараптың уәкілетті органдары өкілдерінің екінші Тарап мемлекетінің құпия ақпаратына тікелей қол жеткізуі қабылдайтын Тараптың ұлттық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап

Шығыстар

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде олардың осы Келісімді орындау барысында пайда болуы мүмкін шығыстарды Тараптар жеке өтейді.

12-бап

Тілдер

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде орыс тілін қолданады. Бір-біріне басқа тілде орындалған құжаттарды жіберген жағдайда олармен бірге ұлттық заңнамаға сәйкес куәландырылған, орыс тіліндегі аударма ілесе жүруге тиіс.

13-бап

Құпия ақпаратты қорғау ережесін бұзу

1. Айтарлықтай салдарларға әкеп соғатын немесе әкелуі мүмкін құпия ақпаратты осы Келісімнің шеңберінде беру немесе пайдалану кезінде оны қорғау ережелерін бұзудың барлық жағдайлары туралы Тараптар бір-біріне дереу хабарлайды.

2. Тараптардың уәкілетті органдары осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлардың кері салдарларын жою, Тараптардың мүдделеріне келтірілген нақты немесе ықтимал залалды барынша азайту жөніндегі қажетті келісілген шараларды қ а б ы л д а й д ы .

3. Уәкілетті орган қызметтік тексеру жүргізеді және кінәлі адамдар аумағында бұзушылық орын алған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жауапқа т а р т ы л а д ы .

4. Аумағында осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдай орын алған Тараптың уәкілетті органы өз Тарапының үйлестіруші органына және құпия ақпаратты берген Тараптың уәкілетті органына бұзушылықтар туралы, сондай-ақ осындай факт бойынша тексеру нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

5. Осы баптың ережелері осы Келісімге сәйкес алынған құпия ақпаратты объективті себептермен рұқсатсыз таратуға әкелген төтенше жағдайларда да қолданылады.

14-бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешеді.

15-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Келісімнің күшіне енуі, қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның күшіне тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

3. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілген немесе пайда болған құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық белгісі алынбайынша осы Келісімнің 4-бабында көзделген оны қорғау жөніндегі шаралар қолданыла береді.

2006 жылғы 4 қыркүйекте Астана қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін